

Оқыту тілі

Қазақ

Жасалған күні

23-05-2024

Өтінім беру күні

14-07-2024

Өтінімнің номері

011408-013-24

Тізілімде тіркелеген күні

23-07-2024

Тіркеу номері

011408-013-4402-24

QR код**Өңір**

Жетісу облысы

ТЖКОББ ұйымы

"Талдықорған жоғары политехникалық колледжі" МКК ШЖҚ

Әзірлеуші-серіктес (жұмыс беруші)

ЖШС "Түлек", ЖШС "ҚараталТранзит"

Білім деңгейі

Техникалық және кәсіптік

Даярлық бағыты

011 Білім

Даярлық мамандануы

0114 Пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

Мамандық коды және атауы

01140800 Кәсіптік оқыту (салалар бойынша)

Біліктілік(-тер) коды және атауы

4S01140801 Өндірістік оқыту шебері, техник (барлық атаулар)

ҰБШ бойынша деңгейі

4

Білім беру бағдарламасының мақсаты

Кәсіби-педагогикалық қызметті оқыту үрдісінде технологиялардың элементтерін меңгерген, өндірістік процесте электр техникалық жабдық пен қондырғыларды монтаждау және жөндеу мамандарын даярлау.

Кәсіптік стандарт (бар болса)

Педагог. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 15.12.2022 ж. №500 бұйрығы., Электр жабдықтарын пайдалану және жөндеу. ҚР «Атамекен» ҰКП 02.05.2019 ж. №86 бұйрығына №3 қосымша, Электр жабдықтарына қызмет көрсету, монтаждау және баптау. ҚР «Атамекен» ҰКП 07.08.2023 ж. № 125 бұйрығы, Электр желілерінің жабдықтарына қызмет көрсету. ҚР «Атамекен» ҰКП 07.08.2023 ж. № 125 бұйрығы., Электр желілерінің қосалқы станциялары жабдықтарына қызмет көрсету. ҚР «Атамекен» ҰКП 07.08.2023 ж. № 125 бұйрығы.

WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса)

Electrical Installations - Электр монтаждау жұмыстары

Оқыту нысаны

Күндізгі

Білім базасы

Негізгі орта, Жалпы орта

Кредиттердің жалпы көлемі

300

Индустриалдық (жұмыс берушілер) кеңесінің отырысы хаттамасының №, күні

18.01.2024ж. №2

Оқу-әдістемелік кеңесі отырысы хаттамасының №, күні

31.01.2024ж. №3

Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері

Жоқ

Тәсіл

Модульдік-құзыреттілік

Лицензия

Проф обуч. техник, техник-технолог.pdf

Құзыреттер тізімі

№	Құзыреттер индексі	Құзыреттер атауы
1	Қ 1.	Іскерлік қатынастарды ауызша және жазбаша түрде мемлекеттік, орыс және шет тілінде жүзеге асыру.
2	Қ 2.	Кәсіби салада қоғамдық-гуманитарлық білімді қолдану.
3	Қ 3.	Кәсіби салада жаратылыстану және математикалық білімді қолдану.
4	Қ 4.	Өз денесін жетілдіруге деген ұмтылысты көрсету, салауатты өмір салтына назар аудару.
5	Қ 5.	Заманауи компьютерлік технологияларды, ақпаратты сандық өңдеу әдістерін қолдану.
6	Қ 6.	Құқықтық жүйе мен экономика негіздерін меңгеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайларда азаматтық ұстанымды көрсету.
7	Қ 7.	Өзін және қоғамдағы өз орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдау.
8	Қ 8.	Оқу-өндірістік процесті жүзеге асыру.
9	Қ 9.	Оқу процесін жоспарлау, қауіпсіз, қолайлы орта ұйымдастыру.
10	Қ 10.	Кәсіптік білім берудегі оқу-тәрбие үрдісін білім алушылардың жеке, жас ерекшеліктерін, педагогикалық-психологиялық теория негіздерін меңгеру, меңгерген білімді қолдануды ұйымдастыру және өткізу дағдыларын қалыптастыру.
11	Қ 11.	Электротехниканың негізгі заңдары, электр тізбектері элементтерінің шартты белгілері турасында түсінікті қалыптастыру соған байланысты жұмыстарды орындау.
12	Қ 12.	Электр жабдықтарын монтаждау жұмыстарын дайындау, монтаждау, электр монтаждау жұмыстарына арналған құрал-жабдықтардың қызметін меңгеру, жарықтандыру және жарықтандыру құрылғыларын орнату, жарықтандыру шамаларын есептеу.

№	Құзыреттер индексі	Құзыреттер атауы
13	Қ 13.	Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу.
14	Қ 14.	Ауыл шаруашылық құрылғыларына қызмет көрсету, әр түрлі жабдықтарды электр энергиясымен қамтамасыз ету, кабельдерді қимасына байланысты таңдау, күштік желілерді және электр жабдықтарын монтаждау жұмыстарын орындау.
15	Қ 15.	Тарату құрылғылары мен екінші реттік тізбектердің құрылғыларына қызмет көрсету және монтаждау.
16	Қ 16.	Электрмен жабдықтауға қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындау, техникалық жай-күйін ұстау және істен шыққан жағдайда ақаулықтарын анықтап қызмет көрсету.
17	Қ 17.	Әлеуметтік - коммуникативтік: кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру.
18	Қ 18.	Электр жабдықтары мен автоматтандыру құралдарына қызмет көрсету.
19	Қ 19.	Өндірістік оқыту сабақтарының әдістемесін ұйымдастыру және жоспарлау.

Модульдердің (пәндердің) мазмұны

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзырет тер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
Жалпы білім беру пәндері							
1	ЖБП 1. Қазақ тілі	Әдеби қазақ тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөйлеу этикетінің ережелері; алынған ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың әртүрлі түрлері; монологиялық сөйлеу; көпшілік алдында сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу ережелері; әр түрлі жанрдағы мәтіндерді жасау кезінде стилистикасы.	ОН 1.1. Әр түрлі типтегі және жанрдағы, публистикалық стильдегі мәтіндерді жазу. ОН 1.2. Тыңдалған, оқылған және аудиовизуалды материалдардың мазмұнын баяндау. ОН 1.3. Автордың позициясын және мәтіннің жасырын мағынасын, мақсатты аудиторияны, жанрларды анықтай отырып, мәтіннің негізгі және толық ақпаратын түсіну. ОН 1.4. Өз пікірін білдіре отырып, тыңдалған материалды ақпараттың сенімділігі, өзектілігі тұрғысынан бағалау. ОН 1.5. Мәселені шешудің өзіндік жолдарын ұсына және негіздей отырып, эссенің әр-түрлі түрлерін жазу. ОН 1.6. Ақпаратты әр-түрлі көздерден алу және синтездеу. ОН 1.7. Техникалық-технологиялық	4	96	Қ 1.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
			және оқу-ғылыми сала шеңберінде көпшілік алдында сөйлеу үшін кеңейтілген монолог құру.				
2	ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	Әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы; шығармадағы автордың ұстанымы; көркем шығармалардың бейнелі табиғаты; шығармалардың ашық білдірілген және жасырын мағыналары; шығарманың тілдік ерекшеліктер, негізгі эпизодтар, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен іс-әрекеттер; жазушы стилінің ерекшеліктері; шығарма жоспарының түрлері; шығарманы композициялық, стильдік бірлік, тілдік безендіру және қойылған коммуникативтік міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан бағалау; басқа өнертүрлерінің құралдарымен жасалған көркем мәтінді түсіндіру; әртүрлі жанрдағы шығармалардың идеялық-көркемдігі, әлеуметтік-тарихи және рухани-эстетикалық аспектілерін талдау.	ОН 2.1. Көркем шығарманың мазмұнын, оның проблемаларын түсіну, сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіру. ОН 2.2. Авторлық позицияны білдіруге байланысты дәйексөздерді, үзінділерді мәтіннен өз бетінше тауып, мәнерлеп жатқа оқу. ОН 2.3. Шығарма мәтініне сілтеме жасап, тақырып пен бейнелер туралы өз пікірін білдіре отырып, проблемалық сұраққа толық дәлелді жауап беру. ОН 2.4. Жанрды және оның белгілерін анықтау. ОН 2.5. Кейіпкерлер жүйесіндегі олардың рөлі мен маңыздылығын анықтай отырып, шығарманың кейіпкерлерін сипаттау. ОН 2.6. Поэтикалық синтаксистің бейнелері, бейнелеу құралдары мен фигураларын құрудың құралдары мен әдістерін талдау, олардың оқырманға әсерін түсіндіру.	4	96	Қ 1.	С
3	ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөйлеу этикетінің қағидалары; алынған ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың әртүрлі түрлері; монологиялық сөйлеу; көпшілік алдында сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу қағидалары; әр түрлі жанрдағы мәтіндерді құруы; әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы.	ОН 3.1. Тақырып бойынша мәтіннің негізгі идеясын анықтау. ОН 3.2. Көркем шығарманың мазмұнын, оның проблемаларын түсіну және талдау. ОН 3.3. Оқылған мәтін бойынша практикалық сұрақтарды тұжырымдау. ОН 3.4. Күрделі синтаксистік конструкцияларды олардың функционалдық-стистикалық қасиеттері тұрғысынан пайдалану, сөйлеу нормаларын сақтау. ОН 3.5. Әр түрлі көздерден алынған ақпаратты қорытындылау. ОН 3.6. Аралас типтегі мәтіндер жасау, шығармашылық жұмыстар жазу (эссе).	4	96	Қ 1.	Е
4	ЖБП 4. Шетел тілі (ағылшын)	Шет тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; әңгімелесулерде және жалпы оқу тақырыптарының кең ауқымы бойынша жазу кезінде ресми және бейресми тілдік регистрлерді пайдалану; оқылғаннан (тыңдалғаннан, көргеннен) алынған ақпаратты	ОН 4.1. Болашақ кәсіби қызметпен байланысты әр түрлі функционалды стильдердің: ғылыми-көпшілік, публицистикалық, өмірбаяндық шынайы мәтіндерін оқу және түсіну. ОН 4.2. Оқылған (тыңдалған, көрген) толық және қысқаша баяндауды орындау, оқиғаларды, фактілерді, құбылыстарды сипаттау. ОН 4.3. Ағылшын тілінен әр түрлі стильдегі мәтіндердің, соның ішінде	4	96	Қ 1.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		салыстыру, талдау, синтездеу, түсіндіру тәсілдері; оқу мен аударманың түрлері; өмірбаяндық, ғылыми-танымал, публицистикалық стильдердің мәтіндері; монологиялық және диалогтық сөйлеу; лексика мен грамматиканы қолдана отырып, мәтін деңгейінде жеке байланысты жазу, редакциялау және түзету әдістері.	болашақ кәсіби қызметпен байланысты мәтіндердің жазбаша аудармасын орындау. ОН 4.4. Сөйлеу этикетінің нормаларын сақтай отырып, ресми және бейресми қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында диалогтың барлық түрлерін жүргізу.				
5	ЖБП 5. Қазақстан тарихы	Орталық Азия өркениеттерінің тарихы; Қазақстан аумағындағы этникалық және әлеуметтік процестер; қазіргі Қазақстан аумағында болған мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихы; қазақ халқының мәдениеті; әртүрлі тарихи кезеңдердегі экономикалық даму ерекшеліктері; саяси-құқықтық процестер; қоғамдық-саяси ойдың дамуы; Қазақстанның білімі мен ғылымының дамуы.	ОН 5.1. Орталық Азия өркениеттерінің шығу тегі мен ерекшеліктерін, алуан түрлілігін, мәдени ортақтығын, материалдық және рухани мәдениетінің жетістіктерін сипаттау. ОН 5.2. Қазақстан аумағындағы этногенезді, этникалық және әлеуметтік процестерді талдау. ОН 5.3. Қазіргі Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің қалыптасуының тарихи кезеңдерін, тарихи-географиялық сипаттамаларын, қоғамдық-саяси даму ерекшеліктерін талдау. ОН 5.4. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, кеңес кезеңдегі және ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениетін талдау. ОН 5.5. Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесін және Қазақстанның қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттау. ОН 5.6. Әр түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстандағы саяси-құқықтық процестер мен қоғамдық-саяси ойдың дамуын сипаттау. ОН 5.7. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасын және ХVIII-XX ғасырлардағы білім беруді дамытуды талдау.	3	72	Қ 2.	Е
6	ЖБП 6. Дүниежүзі тарихы	Әлемдік өркениеттердің жіктелуі мен тарихы; әлемдік этникалық және әлеуметтік процестер; мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихы; мәдениеттің дамуы; өркениеттердің даму ерекшеліктері; саяси-құқықтық процестер; қоғамдық-саяси ойдың дамуы; білім мен ғылымның дамуы.	ОН 6.1. Өркениеттердің түрлері мен ерекшеліктерін, мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара әсерінің оң және теріс жақтарын сипаттау. ОН 6.2. Этникалық және әлеуметтік процестерді, олардың әртүрлі тарихи кезеңдердегі маңыздылығын сипаттау. ОН 6.3. Империялардың, соғыстардың, революциялар мен шапқыншылықтардың себептері мен салдарын сипаттау. ОН 6.4. Адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтары мен мәдени мұрасының қалыптасу көздері мен маңыздылығын сипаттау. ОН 6.5. Экономикалық жүйелердің тарихи түрлерін, табиғи-	3	72	Қ 2.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
			географиялық фактордың мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін сипаттау. ОН 6.6. XX-XXI ғасырлардағы қоғамдық-саяси ойдың дамуын, әлемнің қазіргі саяси-құқықтық биполярлық жүйесін, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау проблемасын сипаттау. ОН 6.7. Білім мен ғылымның дамуын және олардың әртүрлі тарихи кезеңдердегі ыатематикамаңыздылығын сипаттау.				
7	ЖБП 7. Математика	Функцияның түрлері, қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу; дәрежелер мен түбірлер; дәрежелік, көрсеткіштік және логарифмдік функцияның қасиеттері мен графиктері; иррационалдық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістері; көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер; функцияның шегі мен үздіксіздігі; туындының физикалық және геометриялық мағынасы және оның қолданылуы; алғашқы образды және интегралдардың қасиеттері мен қолданылуы; математикалық статистика мен ықтималдық теориясының элементтері; стереометрия аксиомалары және олардың салдары; кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы; координаттардың тікбұрышты жүйесі; кеңістіктегі вектордың координаттарын есептеу; көпжақтардың түсінігі мен қолданылуы; айналу денелері және олардың элементтері; денелердің көлемі.	ОН 7.1. Математикалық талдаудың негізгі ұғымдарын және олардың қасиеттерін меңгеру, функцияларды сипаттай білу. ОН 7.2. Рационалды және иррационалды, көрсеткіштік, дәрежелік, тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді, олардың жүйелерін шешу әдістерін меңгеру. ОН 7.3. Қарапайым ықтималдық теориясының негізгі ұғымдары туралы түсінікке ие болу, оқиғалардың пайда болу ықтималдығын табу және бағалау. ОН 7.4. Жазық және кеңістіктік геометриялық фигуралар, олардың негізгі қасиеттері туралы түсінікке ие болу, сызбалардағы, модельдердегі және нақты әлемдегі геометриялық фигураларды тану. ОН 7.5. Геометриялық есептер мен техникалық - технологиялық есептерді практикалық мазмұнмен шешу үшін геометриялық фигуралар мен формулалардың меңгерілген қасиеттерін қолдану.	5	120	Қ 3.	Е
8	ЖБП 8. Информатика	Компьютерлік жабдықты пайдалану кезіндегі эргономика мен қауіпсіздігі; мобильді құрылғылардың аппараттық қамтамасыз ету, сипаттамасы мен анықтамалары; виртуалды машиналардың бағдарламалық қамтамасыз етілуі; санау жүйелері мен логикалық операциялары; ақпараттық процестер мен	ОН 8.1. Пайдаланушының қауіпсіздігін және компьютерді қорғауды қамтамасыз ету тәсілдерін білу. ОН 8.2. Процессорлар мен мобильді құрылғылардың аппараттық құралдарының функциялары мен жұмыс принципін, бағдарламалық жасақтаманы таңдауды түсіндіру. ОН 8.3. Әр түрлі санау жүйелерінде сандарды түрлендіру, логикалық схемалар мен өрнектерді құру	3	72	Қ 5.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		жүйелер; ақпараттық объектілерді құру мен түрлендіру; қосымшалардың әзірлеу; компьютерлік желілері және ақпараттық қауіпсіздігі.	дағдыларын меңгеру. ОН 8.4. Деректер базасын құру, блокчейн және бұлтты технологияларды қолдану дағдыларын меңгеру. ОН 8.5. 3D модельдеу және Web-жобалау дағдыларын меңгеру. ОН 8.6. Алгоритмдер мен интерфейстерді құру дағдыларын меңгеру. ОН 8.7. Пайдаланушы ақпаратына қатысты ақпараттық қауіпсіздік шараларын қолдану.				
9	ЖБП 9. Физика	Кинематика және динамика негіздері; статика және гидростатика негіздері; импульс пен энергияның сақталу заңдары; жылу физикасы; газ заңдары; термодинамика негіздері; сұйық және қатты денелер туралы ұғымдар; электростатика; электр тогы; электромагниттік индукция; механикалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері; толқындық және геометриялық оптика; атомдық және кванттық физикасы; атом ядросының физикасы; космология негіздері.	ОН 9.1. Негізгі ұғымдарды меңгеру, механиканың заңдарын, теориялары мен теңдеулерін түсіндіру және қолдану. ОН 9.2. Молекулалық-кинетикалық теорияның негіздерін меңгеру, қатты денелердің, сұйықтықтар мен газдардың модельдері мен қасиеттерін сипаттау. ОН 9.3. Электр тогы мен магнетизмнің табиғатын түсіну, олардың негізгі заңдылықтары мен сипаттамаларын білу. ОН 9.4. Тербелістер мен электромагниттік толқындардың пайда болу жағдайларын түсіндіру, олардың қасиеттері мен физикалық мағынасын сипаттау. ОН 9.5. Оптикалық құбылыстардың табиғаты мен заңдылықтарын сипаттау. ОН 9.6. Электромагниттік және радиоактивті сәулеленудің сипатын түсіндіру, нанотехнологияның негізгі жетістіктерін сипаттау. ОН 9.7. Жалпы Ғаламның қасиеттері мен эволюциясын түсіндіріу.	4	96	Қ 3.	Е
10	ЖБП 10. Химия	Атомның құрамы мен құрылысы; атомдардағы электрондардың таралуы мен қозғалысы; химиялық байланыстың түрлері; химиялық элементтердің периодтық заңы мен периодтық кестесі; заттар массасының сақталу заңы; тотығу-тотықсыздану реакциялары; химиялық реакциялардың жылдамдығы; химиялық тепе-теңдігі; аса маңызды р-элементтері және олардың қосылыстары; металдар мен олардың қорытпалары; биохимия негіздері.	ОН 10.1. Атомның құрамы мен құрылымын, қозғалысын түсіндіру. ОН 10.2. Химиялық байланыстың табиғатын түрлендіру, логикалық схемалар мен өрнектерді құру дағдыларын меңгеру. ОН 10.3. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары мен энергиясын түсіндіру. ОН 10.4. р - элементтерінің және олардың қосылыстарының құрылымын, физикалық және химиялық қасиеттерін сипаттау. ОН 10.5. Металдар мен олардың қорытпаларының қасиеттерін, алу тәсілдерін және қолдану саласын сипаттау. ОН 10.6. Көмірсулардың, аминдердің, аминқышқылдары мен ақуыздардың құрылымын, физикалық және химиялық қасиеттерін түсіндіру, ферменттердің рөлі мен маңыздылығын түсіну. ОН 10.7. Нуклеин қышқылдарының	4	96	Қ 3.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
			құрылымын және олардың жіктелуін сипаттау.				
11	ЖБП 11. Биология	Молекулалық биология және биохимия негіздері; жасуша биологиясының негіздері; тірі организмдердің алуан түрлілігі, құрылымы мен қызметі; тірі организмдердің көбеюі, тұқым қуалаушылығы, өзгергіштігі, эволюциялық даму; селекция негіздері; биомедицина, биоинформатика, биотехнология негіздері; биосфера, экожүйе, популяция; экология және адамның қоршаған ортаға әсері.	ОН 11.1. Ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың құрылымын, құрамы мен қызметін сипаттау. ОН 11.2. Электронды микроскоп астында көрінетін жасуша органоидтарының құрылымы мен функциясының ерекшеліктерін түсіндіру. ОН 11.3. Биологиялық процестерде тамақтану, заттарды тасымалдау, тыныс алу және шығару механизмін түсіндіру. ОН 11.4. Тірі организмдердің өсуі, көбеюі және дамуындағы жасуша циклінің маңыздылығын анықтау. ОН 11.5. Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің негізгі заңдылықтарын, эволюция мен селекция механизмін түсіндіру. ОН 11.6. Бионика, биоинформатика, биотехнологияның рөлі мен әдістерін сипаттау. ОН 11.7. Өз аймағының экожүйелері мен экологиялық мәселелерін сипаттау.	3	72	Қ 3.	С
12	ЖБП 12. География	Географиялық зерттеу әдістері; картография және геоинформатика негіздері; табиғатты пайдалану және геоэкология негіздері; геоэкономика негіздері; геосаясат негіздері; елтану; адамзаттың жаһандық проблемалар.	ОН 12.1. Зерттеудің жалпы географиялық және өзекті географиялық әдістерін меңгеру. ОН 12.2. Геоақпараттық жүйелердің заманауи картографиялық әдістері мен технологияларын қолдану. ОН 12.3. Табиғатты пайдалану тұжырымдамасын түсіну және өнеркәсіптік өндірістің антропогендік факторларының қоршаған ортаға әсерін талдау. ОН 12.4. Қазақстан өңірлерінің аумақтық факторларын, геоэкономикалық жай-күйі мен әлеуетін сипаттау. ОН 12.5. Қазақстанның геосаяси жағдайы мен қауіпсіздігін талдау. ОН 12.6. Географиялық, демографиялық, әлеуметтік және бәсекеге қабілетті көрсеткіштер бойынша әлем елдерін салыстыру.	3	72	Қ 3.	С
13	ЖБП 13. Графика және жобалау	Ақпаратты визуализациялаудың графикалық тәсілдері мен құралдары; суреттердің негізгі түрлері және олардың құрылысы; кескіннің түрі мен құрамын түрлендіру; геометриялық денелердің қалыптасу заңдары және пішіндерді құрастыру; пішіндерді түрлендіру; техникалық, архитектуралық құрылыс және ақпараттық графика элементтері; жобалық графикасы.	ОН 13.1. Графикалық кескіндерді, соның ішінде компьютерлік графика құралдарын орындау әдістері мен тәсілдерін меңгеру. ОН 13.2. Қатты күйдегі және беттік модельдеу әдістерін компьютерлік графика құралдарын меңгеру. ОН 13.3. 3D моделінің түрін, құрамын және формасын түрлендіруді орындау. ОН 13.4. Техникалық, сәулет құрылыс және ақпараттық графика элементтерін меңгеру. ОН 13.5. Жобалық графика дағдыларын меңгеру.	3	72	Қ 3., Қ 5.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
14	ЖБП 14. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері; әскери қызметтің құқықтық негіздері; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері; жалпы әскери жарғылары; тактикалық, атыс, саптық дайындық және әскери топография; әскери робототехника негіздері; тіршілік қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері; доңғалақты машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері; жол қозғалысы ережелері.	ОН 14.1. Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мақсаты, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсіну. ОН 14.2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жарғыларының жалпы ережелері мен құқықтық негіздерін меңгеру. ОН 14.3. Атыс қаруын меңгеру, саптық дайындық, робототехника, IT-технологияларды пайдалану және доңғалақты машиналарды жүргізу негіздерін қолдану. ОН 14.4. Төтенше жағдайларда қауіпсіздік техникасы қағидаларын және адам өмірінің қауіпсіздік негіздерін меңгеру.	4	96	Қ 4., Қ 6.	С
15	ЖБП 15. Дәне тәрбиесі	Дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік техникасы; алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсетудің негіздері мен қағидаттары; кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру әдістері; дене шынықтырудың рекреациялық және оңалту құралдары; жеңіл атлетика және гимнастикалық жаттығуларды орындау ережелері мен техникасы; футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннистегі, ұлттық және қысқы спорт түрлеріндегі, жүзудегі ережелер мен техникалық-тактикалық іс-қимылдар; туризм түрлері; заманауи фитнес-технологиялары.	ОН 15.1. Дене шынықтыру сабақтарында техника қауіпсіздік және жеке гигиена ережелерін меңгеру. ОН 15.2. Бағдарламада көзделген жеңіл атлетика, гимнастика, жүзу жаттығуларын, бақылау нормативтері мен тестілерді орындау. ОН 15.3. Зерттелетін спорттық ойындардың ережелерін білу, қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыдан дұрыс орындау, оларды жарыстарда қолдану. ОН 15.4. Қазіргі заманғы фитнес технологиялары мен туризм түрлері туралы түсіну. ОН 15.5. Дене шынықтыру сабақтарында техника қауіпсіздік және жеке гигиена ережелерін меңгеру.	5	120	Қ 4.	С
16	ЖБП 16. Жаһандық құзіреттілік	Жаһандық құзыреттер ұғымы мен қолданылуы; қаржылық сауаттылығы; өзара қарым-қатынас мәдениеті; мәдениетаралық қарым-қатынас негіздері; кәсіби қызметтегі жаһандық құзыреттер; еңбекті бағалаудың әдістері мен нысандары; IT-жүйелермен жұмысы; жобалық менеджмент.	ОН 16.1. Жаһандық құзыреттер және олардың жеке тұлғаны дамыту үшін маңызы туралы түсіну. ОН 16.2. Қаржылық сауаттылық негіздерін меңгеру. ОН 16.3. Жанжалдарды шешу дағдыларын меңгеру. ОН 16.4. Мәдениетаралық коммуникация дағдыларын меңгеру. ОН 16.5. Кәсіби қызметте жобалық менеджмент дағдыларын қолдану.	1	24	Қ 5., Қ 6., Қ 7.	С
Жалпыға міндетті модульдер (жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер)							
1	ЖММ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	Дене шынықтырудың әлеуметтік-биологиялық және психофизиологиялық негіздері; дене шынықтыру және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; салауатты өмір салты негіздері.	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	8	192	Қ 4.	Е
2	ЖММ 2. Ақпараттық -	Ақпараттық жинаудың, өңдеудің, ұсынудың және берудің қазіргі заманғы	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	3	72	Қ 5.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	технологияларының негіздері; ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану негіздері; қазіргі заманғы ақпараттық және компьютерлік технологияларды дамытудың негізгі бағыттары.	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.				
3	ЖММ 3. Экономика базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	Қазіргі заманғы экономикалық жүйенің жұмыс істеу заңдылықтары мен тетіктері; нарықтық экономика қағидаттары; кәсіпкерлікті дамытудың мақсаттары, факторлары мен шарттары; Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметтің қазіргі заманғы ұйымдық-құқықтық нысандары; бизнестің ұйымдастырушылық және қаржылық негіздері.	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру. ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау. ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму тенденцияларын, мемлекеттің "жасыл" экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну. ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру. ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	2	48	Қ 6.	С
4	ЖММ 4. Қоғам еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	Философияның негізгі ұғымдары мен заңдылықтары; мәдениет, дін және өркениет; мемлекеттік-құқықтық қатынастар мен құбылыстар жүйесі; қоғамдағы азаматтар мен саясаттың басқа да субъектілерінің өзара қарым-қатынастары жүйесінің жұмыс істеуі.	ОН 4.1. Толеранттылық пен белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну. ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну. ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру. ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	3	72	Қ 7.	С
Базалық және кәсіптік модульдер (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер)							
1	КМ 1. Оқу-өндірістік процесті жоспарлау	Қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік қағидалары; өндірістік оқыту бағдарламалары мен тәжірибелерінің мазмұны; педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті нормативтік-құқықтық актілер; оқытылатын мамандық бойынша салалық және кәсіптік стандарттар.	ОН 1.1. Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік талаптары мен ережелерін сақтай отырып, жұмыс орнын дайындау. ОН 1.2. Модуль мазмұны мен оқыту әдістерін жоспарлау. ОН 1.3. Оқу бағдарламалары мен жоспарларын жасау.	14	336	Қ 8.	Е
2	КМ 2. Оқу-өндірістік процесті ұйымдастыру	Педагогика, психология негіздері; кәсіптік оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі; оқу процесін ұйымдастыруға қатысты білім беру ұйымының жергілікті актілері; кәсіптік әлеуетін ашу және жүзеге асыру ыңғайы мен принциптері; техникалық және кәсіптік білім субъектісінің өзара схемалық үлгілеу принциптері;	ОН 2.1. Моральдық, этикалық және құқықтық нормаларға сәйкес өндірістік оқыту бойынша тәжірибелік сабақтарды өткізу. ОН 2.2. Оқу зертханалары мен шеберханаларының материалдық-техникалық кешеніне күнделікті қызмет көрсетуді орындау. ОН 2.3. Оқытудың заманауи технологиялары мен әдістерін қолдану. ОН 2.4. Топтағы өндірістік оқыту мен	14	336	Қ 9.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		өндірістік тәжірибе жөніндегі есеп құжаттарын ресімдеуге және әзірлеу талаптары; оқытудың заманауи технологиялары мен әдістері.	кәсіптік тәжірибені және тәрбие жұмысын жоспарлауды есепке алу бойынша құжаттаманы жүргізу, оқыту мен тәрбиелеудегі тәуекелдерді бағалау.				
3	КМ 3. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және өткізу	Адам даму формалары; жас ерекшеліктері мен өзгеруі; жұмысқа икемділігі; адам гигиенасын бағалау әдістері; психологиялық тәсілдері; әрекеттің жалпы мінездемесі; тұлғаның дамуы мен ерекшелігі; айрықша білім алу қажеттілігі бар тұлғалармен орындалатын жұмыстар; педагогиканың жалпы негіздері, дамуы мен қағидалары; оқу және тәрбие процесі; педагогикалық жағдаяттарды шешу; оқытудың тәсілдері мен әдістері, қолдану ерекшеліктері; сабақ түрлері мен құрылымы; тәрбиенің мәні және білім беру процесінің тұтас құрылымындағы орны; тәрбиенің заңдылықтары мен принциптері; тәрбие жүйелері туралы түсінік; тәрбие формалары мен әдістерінің жүйесі; тәрбиедегі педагогикалық өзара әрекеттесу; ұжым тәрбиенің объектісі және субъектісі; тұлғаға бағытталған тәрбиені ұйымдастыру.	ОН 3.1. Адам организмінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін меңгеру. ОН 3.2. Оқу және тәрбие саласында педагогика теориялық негіздерін меңгеру. ОН 3.3. Білім алушылардың жеке дамуы үшін психологиялық білімді қолдану дағдыларын дамыту. ОН 3.4. Оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін қолдану саласында құзыреттіліктерді қалыптастыру.	14	336	Қ 10.	С
4	КМ 4. Электр жүйесін, электрондық техниканы талдау	Электротехниканың негізгі заңдары; электр тізбектері элементтерінің шартты белгілерінің көлем, пішіндерінің сақталу нормалары; электр тізбектерінің жұмыс режимдері; өткізгіш материалдардың кедергісінің әртүрлі факторларға тәуелділік негіздері, өлшеу аспаптары және олардың сипаттамалары; сандық өлшеу аспаптары туралы мәліметтер олардың жіктелуі; жұмыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары; тізбектерді өлшеу және құрастыру; бір фазалы және үш фазалы тізбектердегі; қуаттарды өлшеу әдістері; энергияны үнемдейтін аспаптар.	ОН 4.1. Электромагниттік индукция заңдарын қолдану және электр шамаларының параметрлерін анықтау. ОН 4.2. Электрондық аспаптар мен құрылғыларды зертханалық зерттеу, техникалық және анықтамалық әдебиеттерді пайдалану ОН 4.3. Трансформатордың түрін және төлқұжат деректерін анықтау, электр қозғалтқыштарының схемаларын жинау.	12	288	Қ 11.	С
5	КМ 5. Электр жабдықтарын монтаждау	Құрылғылардың жұмыстарымен танысу және оларды пайдалану принциптері; негізгі электрлік шартты белгілерді оқу және	ОН 5.1. Қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік талаптары мен ережелерін сақтай отырып, жұмыс орнын дайындау. ОН 5.2. Электр монтаждау	14	336	Қ 12.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	дайындық жұмыстарын орындау, жарықтандыру және жарықтандыру желілерін монтаждау	сызба жұмыстары барысының негізгі нормалары; электр энергиясының көздері мен тұтынушылардың мақсатын айқындау; электр энергиясын өндірудің қағидаттарының негіздері; электр энергиясын беру және тарату қағидаттарының заңдылықтары; жарықтандыру және жарықтандыру желілері үшін кабель мен электр жабдықтарын таңдау негіздері; жарықтандыруға арналған құрылғылардың жұмыс принциптері; жарықтандыру аппараттарын монтаждау; монтаж жұмыстарының негіздері.	жұмыстарын орындау үшін құрал-жабдықтарды жинау, электр розеткаларын, ажыратқыштарды орнату. ОН 5.3. Шартты графикалық белгілерді әзірлеу, қуат шығынын және кабельдің қажетті бөлігін есептеу. ОН 5.4. Электрлік жұмыстарға қолданылатын материалдардың қасиеттерін анықтау және жіктеу ОН 5.5. Электр монтаждау жұмыстарына арналған жабдықты орауды, тазалауды және жабдықты тексеруді жүргізу. ОН 5.6. Жарықтандыру және жарықтандыру желілері үшін кабель мен электр жабдықтарын таңдау, монтаждау жұмыстарын орындау. ОН 5.7. Электр сымдарының барлық түрлерін монтаждау жұмыстарды орындау, шамдар мен электр құрылғыларын орнату.				
6	КМ 6. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу	Педагогикалық мониторингтің негіздері (әдістер, технологиялық үдерістер); білім алушылардың оқу жетістігін бағалау үдерісі, әдістері, қағидаттары; жасөспірімдердің тілдік құзыреттілігін бағалау жүйесінің ерекшелігі; кері байланыс құралдары мен әдістері; рефлексия әдістері мен тәсілдері; білім алушылардың іс-әрекеттегі қиындықтары мен коррекциялауды анықтау әдістері мен тәсілдері; жеке және топтық рефлексивтік процедураларды ұйымдастыру принциптері; рефлексия нәтижелерін жинақтау және жүйелеу әдістері; дидактика принциптері, педагогика және жас ерекшелігі, психология негіздері; қазіргі компьютерлік бағдарламалар; қазіргі ақпараттық және өндірістік технологиялар және оқыту әдістемелері; кәсіптік оқытудың педагогикалық технологиялары; студенттерді кәсіптік ептілік пен дағдыларды оқытудың оң тәжірибелерін жалпылау және жүйелеу әдістері.	ОН 6.1. Білім алушылардың әлеуетін бастапқы диагностикалау әдістерін қолдану. ОН 6.2. Өндірістік қызмет процесінде білім алушылардың тәжірибелік дағдылары мен дағдыларының деңгейін бағалау. ОН 6.3. Өзінің педагогикалық қызметі мен білім алушының рефлексиясын жүргізу. ОН 6.4. Педагогикалық технологиялардың элементтерін сабақ жоспарын құрастырғанда қолдану. ОН 6.5. Оқу ақпараты көздерін іріктеу, талдау, логикалық құрылымдау, модуль, деңгейлік тапсырма мен тест тапсырмаларын құру. ОН 6.6. Бағалау құралдарын әзірлеу. ОН 6.7. Тәжірибелік тапсырмаларды еңбек міндеттерінің күрделілік дәрежесі бойынша саралау.	8	192	Қ 13.	С
7	КМ 7. Ауыл шаруашылығын электр	Электр желілері мен қосалқы станциялардың электр жабдықтарын баптаудың түрлі тәсілдері; электр	ОН 7.1. Жүйелерді, механизмдерді жөндеу, реттеу және сынау, кешендерді іске қосу. ОН 7.2. Электр желілері мен қосалқы	14	336	Қ 14.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	энергиясымен қамтамасыз ету, кабель желілерін электр монтаждау жұмыстары на дайындау	жабдықтарына техникалық қызмет көрсету түрлерін; ағымдағы электр жабдықтарының жұмыс принциптері; сымдар мен кабельдерді жүргізе білу; сымдар мен кабельдерді анықтау; сымдар мен кабельдердің қималарын анықтау; ток жүктемелерін есептеу; электр қауіпсіздігін сақтау заңдылықтары; физикалық, механикалық және электрлік сипаттамаларының негізгі электротехникалық материалдарының қасиеттері; электр машиналарының қызметтерімен танысу және жұмыс режимдері; күштік желілерді монтаждау және төсеу тәсілдерінің заңдылықтары.	станцияларының электр жабдықтарын баптау. ОН 7.3. Электр жабдықтарының параметрлерін анықтау, сымдар мен кабельдерді орнату. ОН 7.4. Ішкі желілерді реттеуді, техникалық қызмет көрсетуді орындау, сынақтарды жүргізу. ОН 7.5. Кабельдік желілерді электр монтаждауға дайындау жұмыстарын жүргізу.				
8	КМ 8. Тарату құрылғылары мен екінші реттік тізбектерді монтаждау	Екінші реттік тізбектердің аспаптары мен аппараттарының жұмысымен жіктеу; оларды орнатуды және электр тізбектеріне қосудағы негізгі функциялары; тізбекті қорғау және релелік қорғаныс жүйесінің негіздері; электр сымдарын қажеттілігіне қарай таңдау және оларды монтаждау ережелері; ворлдскилс (WS) стандартқа сай монтаждау жұмыстарын жүргізу, және оның негізгі қағидаттарын орындау.	ОН 8.1. Екінші реттік тізбектердің аспаптарын монтаждау. ОН 8.2. Электр сымдарын қажеттілігіне қарай таңдау және монтаждау. ОН 8.3. Тарату құрылғылары мен екінші реттік тізбектерді жөндеу және монтаждау. ОН 8.4. Тарату құрылғылары мен екінші тізбектерді монтаждаудың сапасы мен сенімділігін тексеру. ОН 8.5. Ворлдскилс (WS) стандартқа сай монтаждау жұмыстарының негізгі қағидаттарын орындау.	12	288	Қ 15.	Е
9	КМ 9. Үздіксіз электрмен жабдықтау үшін электр жабдығының техникалық жай-күйін ұстау	Қауіпсіздік техникасын сақтауды; қорғаныс құрал жабдықтарының жарамдылығын тексеруді және олармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережелері; электр жабдықтарының ақауларын анықтауды және оны жоспарлы түрде жөндеу жұмыстарының әдістері; релелік қорғаныс пен автоматикаға арналған құрылғылары; релелік қорғаныс пен автоматика жұмыстарын бақылау және ақауларды анықтап баптау.	ОН 9.1. Электр қондырғыларының құрылғыларын дайындауды, тексеруді жүргізу. ОН 9.2. Электр жабдықтарының механикалық және электрлік бөлшектеу және құрастыру. ОН 9.3. Релелік қорғаныс пен автоматика баптауды жүргізу және орындау.	14	336	Қ 16.	С
10	КМ 10. Кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара	Педагогикалық этика ережелері; педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастырудың принциптері мен әдістері; жасөспірімдердің ата-аналарымен жұмыс істеу принциптері мен әдістері; педагогикалық ұжымда және	ОН 10.1. Педагогикалық этика ережелерін және студенттермен педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастырудың принциптері мен әдістерін меңгеру. ОН 10.2. Жасөспірімдердің ата-аналарымен жұмыс істеу принциптері мен әдістерін меңгеру. ОН 10.3. Оқушылар ұжымында,	12	288	Қ 17.	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	әрекеттесуді жүзеге асыру	ата-аналармен игілікті өзара қарым-қатынас; кәсіптік құзыретті дамыту; кәсіби тәжірибе алмасу; әлеуметтік серіктестермен жұмыс.	педагогикалық ұжымда және ата-аналармен игілікті өзара қарым-қатынас құру. ОН 10.4. Білім алушыларды қосымша оқытуға, таңдалған мамандық бойынша кәсіптік құзыретті дамытуға арналған үйірмелерге қатыстыру. ОН 10.5. Кәсіби тәжірибе алмасу үшін әріптестермен және әлеуметтік серіктестермен өзара әрекеттесу.				
11	КМ 11. Электр жабдықтарына және автоматика құралдарына қызмет көрсету	Электр жылыту жабдығының қуатын есептеу нормалары; жарықтандыру және сәулелендіру қондырғыларын есептеуді жүргізу және таңдау ережелері; заманауи құрылғыларды таңдау әдістерін қолдану; теориялық ұсыныстарды есте сақтау және оларды тәжірибеде қолдану; сұлбаларды оқу; асинхронды қозғалтқыштарды іске қосу; жалпы электр жетектерін жобалау принциптері; параметрлерді есептеуді және электр жабдықтардың құрылғылары таңдау тәсілдері.	ОН 11.1. Электр жылыту жабдығының қуатының есебін шығару. ОН 11.2. Автоматты басқару сұлбаларын оқу, сұлбадағы элементтерді реттеу. ОН 11.3. Электр қондырғыларды пайдалану ережесіне сәйкес электр тізбектерді қосу. ОН 11.4. Электр сұлбаларды құрастыру және заманауи құрылғылар арқылы нәтижелерін тексеру.	14	336	Қ 18.	Е
12	ККМ 12. Өндірістік оқыту әдістемесін қолдана отырып сабақтар өткізу	Міндеттік, проблемалық оқу-өндірістік жағдайларды жобалау тәсілдері; оқушылардың өндірістік тәжірибесінде қиыншылықтарды айқындау принциптері; жеке және кәсіптік әлеуетін ашуына ықпал ететін жағдайларды жасау принциптері; тұлғааралық және кәсібиаралық жағдайлардың өзара әрекеттесуін үлгілеу және ұйымдастыру әдістері; оқушылардың кәсіптік, коммуникативтік, ақпараттық және құқықтық құзырлықтарын қалыптастыру принциптері; саралап оқытуда педагогикалық технологиялар; ақпараттық коммуникативтік технологиялармен жұмыс істеу негіздері; өндірістің қазіргі еңбек әдістері, техникасы және технологиясы; сабақты өткізудің түрлі формалары; сабақты өткізудің интерактивті әдіс формалары; сабақтарды бақылау және талдау; рефлексия және рефлексия түрлері, критериялды бағалау,	ОН 12.1. Міндеттік және проблемалық оқу-өндірістік жағдайларды жобалау. ОН 12.2. Үлгілік кәсіптік жағдайларда тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру. ОН 12.3. Оқушылардың дағды мен қабілеттіктерінің қалыптасуына тренингтерге уәждерін ұйымдастыру. ОН 12.4. Білім алушылардың инновациялық өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалау әдістерін пайдалануы, оқу әрекеттерін түзеу. ОН 12.5. Өндірістік оқытудың нысандары мен формаларын, әдістерін анықтау. ОН 12.6. Рефлексия, қиыншылықтарды айқындау, өз әрекетінің жағдайлары мен әдістерін түзеу. ОН 12.7. Бағалау әдістерін қолдану арқылы сабақтар жүргізу.	16	384	Қ 19.	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		қалыптастырушы және жиынтық бағалау.					
Аралық аттестаттау				7	168		
Қорытынды аттестаттау				2	48		
Өзіндік жұмыс				60	1440		
Факультативті сабақтар				20	480		
Консультациялар				16	384		

Білім беру бағдарламасын қосуға өтінім

"Талдықорған жоғары политехникалық колледжі" МКК ШЖҚ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру Тізіліміне орналастыру және сараптама жүргізу үшін мамандағы 01140800 Кәсіптік оқыту (салалар бойынша)(коды, атауы), біліктілік (тер) 4S01140801 Өндірістік оқыту шебері, техник (барлық атаулар) (коды, атауы) бойынша білім беру бағдарламасын жібереді.

Осы мамандық бойынша лицензияның болуы: Бар

Басшы: Нұрғожаев Шынғыс Болатұлы

Орындаушы: Бижигитов Мухтар Байсултанович

Ұялы телефон: 87017040136

Электрондық пошта мекенжайы: bizhigitovm@mail.ru